

Зейнетақы қорына міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешекті төмендету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 қазан N 1215. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Әлеуметтік мәні барлығын ескере отырып және Зейнетақы қорына міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешекті төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақ әлеуметтік дамуды кредиттеу акционерлік банкінің кредитордың басқа тұлғаға көшіру құқығы нормаларын, факторингтік және басқа операцияларды қолданып, Зейнетақы қорына міндетті төлемдердің мерзімі өткен берешегін төмендету міндеттерін шешу жөніндегі ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақ әлеуметтік дамуды кредиттеу акционерлік банкі (келісімі бойынша) Зейнетақы қорына мерзімі өткен төлемдер бойынша есеп айырысу саласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақ әлеуметтік дамуды кредиттеу акционерлік банкімен тиісті агенттік келісім ж а с а с ы н .

4. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Зейнетақы қорына мерзімі өткен берешекті төмендету жөніндегі жұмысқа жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ай сайын хабарлап отырсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі